

**6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау»
 тақырыбындағы Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының
 диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/ н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет) | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|--------------|--|--|--|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі идеясы «Білімді ұлт: сапалы білім беру» ұлттық жобасының қағидаларына негізделген. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезінде: «Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету маңызды» деп атап өтті. Осыған байланысты зерттеу жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзіндік білім алу үдерісін теориялық және әдістемелік тұрғыда қарастыру арқылы тақырыптың тиімділігі мен қажеттілігін көрсетеді. Осы міндеттер Кенесбекова Салтанаттың диссертациялық жұмысының өзектілігін айқындайды. |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. Біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім |

| | | | |
|---|----------------------|--|--|
| | | | <p>алуға даярлау теориялық тұрғыда негізделген. «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған.</p> <p>Екіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталған.</p> <p>Үшіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалған.</p> <p>Төртіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделі эксперименттен өткізілген.</p> |
| 3 | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. | <p>Диссертациялық жұмыстың дербес орындалғаны және автордың зерттеуге толықтай өз бетімен жауапкершілікпен қарағаны айқын көрінеді.</p> <p>Зерттеу құрылымының өзектілігі қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның талаптарына сәйкес негізделді, мәселені жаңа жақты зерттелуі жұмыстың жоғары ғылыми деңгейде орындалғанын дәлелдейді. Автордың ғылыми мәтін құру дағдысы ерекше жоғары деңгейде екенін атап өткен жөн: зерттеу құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, мазмұны ғылыми дәлелдерге сүйенген, нәтижелер нақты және негізделген. Барлық бөлімдерде мәселені терең түсіну мен деректерді сапалы талдау арқылы зерттеудің ғылыми құндылығы айқындалады, бұл жұмыстың толықтай автордың өзі жазу жоғары деңгейде жазылғанын көрсетеді.</p> |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда терең негізделген. Автор қазіргі қоғамда жастардың өзін-өзі саналы түрде түсінуін, өзін-өзі тануын және өз-өзіне сенуін дамыту қажеттілігін, Қазақстан жастарын өздерінің зияткерлік, инновациялық, шығармашылық әлеуетін</p> |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>қолдана білуге үйрету керектігін және осы мәселелерді жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлау арқылы оңтайлы шешуге болатынын дәйекті түрде талдап көрсеткен.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.</p> | <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауды теориялық әдіснамалық негіздерін айқындаумен, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұнын нақтылаумен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындаумен, моделін әзірлеумен, және оның эксперимент жүзінде тексеріп, ұсыныстар берумен негізделеді.</p> |
| | | <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> | <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Алынған нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеудің мақсаты анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін теориялық тұрғыдан негіздеуді және сынақтан өткізуді орындаумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауды теориялық тұрғыда негіздеумен; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтаумен; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | | өздік білім алуға даярлау моделін жасаумен; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін сынақтан өткізумен сәйкес келеді. |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. | <p>Диссертация екі тараудан тұрау бес параграфтан тұрады. Бірінші бөлім зерттеу мәселесінің еториялық әдіснамалық негіздерін айқындауға арналса, екінші бөлім тәжірибелік эксперименттік жұмысының мазмұны мен зерттеу нәтижелерін баяндауға арналған. Олардың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан және ішкі бірлігі сақталған. Жүргізілген зерттеулер логикалық дәйектілікпен сипатталатын ғылыми жұмыстың толық жүйесін білдіреді.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. | <p>Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде <i>сыни талдау бар</i> екені, зерттеу тақырыбы аясында педагогика теориясы мен практикасындағы ұстанымдар, тұжырымдар мен идеялардың өзара байланысын саралап, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдауда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауды теориялық негіздеу арқылы «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұнын нақтылауда (1 кесте, 30 бет; , 1 сурет, 40 бет) көрінеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтауда байқалады (3 кесте, 56 бет). Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасаған (3 сурет, 80 бет). Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін</p> |

| | | | |
|---|----------------------------|---|---|
| | | | ендіру тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері статистикалық-математикалық тұрғыдан өңделген. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Автордың алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын жартылай жаңа деп есептеуге болады. Зерттеу мәселесі бойынша: «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған - толығымен жаңа болып табылады; Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтаған - толығымен жаңа болып табылады; Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасаған - толығымен жаңа болып табылады; «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Өздік білім алу негіздері» атты электронды оқу-әдістемелік құралы, «Өздік білім алу негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалып алғаш рет енгізілген, толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген қорытындылар толығымен жаңа. Қорытындылар автордың жарыққа шыққан ғылыми мақалалардың жариялануымен расталды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе | Автор болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мәселесін зерттеу |

| | | | |
|---|--|--|---|
| | | <p>басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p> | <p>арқылы «адам капиталы», «білім», «қарым-қатынас» құндылығы, «уақытты басқару» сияқты экономикалық тұрғыда тиімді шешімдерді алдыға тартады. Өздік дамудың өзегі – өздік білім алу деген тұжырым жасай отырып, жоғарғы оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мақсат қою технологиясы, критикалық ойлау дамуының технологиясы, оқытуды жекелеңдіру технологияларын қолдану арқылы өздік білім алуға даярлау маңызын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы сенімді дәлелдеген.</p> <p>Бұл халықаралық шетелдік конференцияларда мақалалар тезистерінің жариялануымен, нәтижелерді практикалық қызметке енгізу актісімен расталады.</p> |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша).</p> | <p>Теориялық және эксперименттік зерттеу жүргізу нәтижелері бойынша «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға «Өздік білім алу негіздері» элективтік курс бағдарламасы, «Өздік білім алу негіздері» тақырыбында электронды оқу-әдістемелік құрал, арналған «Өздік білім алу негіздері» тақырыбында оқу-әдістемелік құрал дайындалды және академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына элективті курс болып енгізілді.</p> |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> | <p>Қорғауға шығарылған 4 қағидатына нақты дәлелі бар, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және мақалаларда</p> |

| | | | |
|---|---|--|---|
| | | <p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> | <p>дәлелденген. Өйткені, автор диссертациялық жұмыстың зерттеу пәніне сәйкес шетелдік, отандық философиялық, психологиялық педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарын нақтылаған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын нақтылап оның жаңашылдығымен, қолданылу деңгейінің кендігін дәлелдеп береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасаған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін ендіру тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін халықаралық, республикалық конференцияларда, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрген.</p> |
| | | <p>7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ.</p> | |
| | | <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ.</p> | |
| | | <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> | |
| | | <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ.</p> | |
| 8 | <p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Автор ұсынған әдіснаманың жүйелілік, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырлары мен тұтастық, иерархиялық, құрылымдық, бағыттылық, бірлік, саналылық, белсенділік, мақсаткерлік, дербестік ұстанымдары ғылыми тұрғыда негізделген. Өздік білім алуға даярлықтың ғылыми-педагогикалық аспектісін қарастырған ғалымдар: Н.Д. Хмель, Н.Д. Иванова, И.Л. Наумченко, М.Л. Князева, Н.Б. Крылова, В.И. Андреев, П.И. Пидкасистый, М.В. Башкиров, В.П. Беспалько. Өздік білім алуға даярлықтың әлеуметтік-психологиялық аспектісін қарастырған</p> |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | | <p>ғалымдар: И.О. Ганченко, И.Н. Шахова, Е.Ю. Кашникова, Г.Н. Сериков, Г.А. Цукерман, И.С. Кон, У. Джеймс, М.Я. Благ-Шебек, А.Н. Крылов, А. Менегетти. Өздік білім алуға даярлықтың <i>әдіснамалық</i> <i>аспектісін</i> қарастырған ғалымдар: И.А. Редковец, Г.М. Коджаспирова, Н.Б. Жаманқұлова, Э.А. Мирошниченко, А.В. Баранников, С.В. Акманова, А.В. Дмитриев, Н.Л. Филиппов, Д.П. Мучкин. Өздік білім алуға даярлықтың <i>ұйымдастырушылық</i> <i>аспектісін</i> қарастырған ғалымдар: И.Б. Соколова, Т.В. Борисова, Л.А. Ульянова, Ю.А. Дубровская, Е.Д. Безниско, Д.М. Жарылғапова. Зерттеу әдістері алға қойған міндеттеріне сай дұрыс таңдалып алынған.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда теориялық (зерттеу мәселесі бойынша іргелі философия, әлеуметтану, психология, педагогика, мәдениеттану әдебиет көздеріне талдау жасау, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сараптама жасау; үлгілеу, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және корыту); эмпирикалық (студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау; болашақ педагогтар, профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері арасында сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу; педагогикалық эксперимент жүргізу) әдістері қолданылған. Алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық статистикалық, компьютерлік технологияларды</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|---|
| | | | колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. | Теориялық қорытындылар академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына жүргізілген эксперименттік зерттеулерде дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Автор диссертациялық жұмыс жазуда гуманистік білім беру мен мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру тұжырымдамаларын, кәсіби және психологиялық-педагогикалық даярлықтың диалектикалық бірлігі жөніндегі еңбектерді, білім беруді дербестендіру мен өздік білім теориясын басшылыққа алған және ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы растаған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Автордың жеткілікті әдеби дереккөздерге шолу жасаған. Scopus және Web of Science халықаралық рецензияланатын деректер базасынан алынған дереккөздерге сілтемелер келтірген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі - 149. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ. | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: - <i>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау теориялық тұрғыда негізделген. «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға</i> |

| | | | |
|----|---------------------------|--|---|
| | | | <p>даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталған; - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалған; - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделі эксперименттен өткізілген. |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ. | <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Өйткені: зерттеу барысында «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу негіздері» элективті курс бағдарламасын, «Өздік білім алу негіздері» атты электронды оқу-әдістемелік құралын, «Өздік білім алу негіздері» атты оқу-әдістемелік құралын жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерінде, мектептерде, педагог кадрлар біліктілігін жоғарылату жүйесінде қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертациялық жұмыс қорытындысында автор берген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, салыстырмалы, статистикалық және талдамалық талдаулардың нәтижелерімен расталады.</p> <p>Зерттеудің практикалық бөлімі жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде болашақ және бастауыш сынып мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, өздік білім алу жағдайлары, педагогикалық шарттарын құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді.</p> |
| 10 | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: | Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны рәсімдеу |

| | | | |
|----|---|--|---------------------------|
| | | 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | талаптарға сәйкес келеді. |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | Диссертация мазмұнында арақідік стилистикалық және грамматикалық қателер кездеседі. Бұл зерттеу жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызына нұсқан келтірмейді. Автор алдына қойған мақсатына жетіп, міндеттердің шешімін толық таба білген. Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе шешімін тапқан. | |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі | Диссертациялық зерттеу нәтижелері төмендегі жарияланымдарда ұсынылды. Барлығы: 20 еңбек. – Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Педагогикалық теория және практика: тарихы, қазіргі жағдайы, келешегі» (Қарағанды, 2020 ж.); Тарих ғылымдарының өзекті мәселелері (Қарағанды, 2020 ж.); – Жақын шет елдің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Білім беру кеңістігінде адамның қалыптасуының теориялық және прагматикалық аспектілері» (Ресей – Мәскеу, 2020 ж.); «Білім беру технологиялары: тарихы, қазіргі жағдайы, болашағы» (Ресей – Краснодар, 2024 ж.); – Алыс шет елдің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Perspektywiczne opracowania są nauka i technikami» (Польша – Przemysl, 2019 ж.); – Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «II Калюжный оқулары: әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың инновациялық бағыттары» (Ақтөбе, 2019ж.); «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» (Алматы, 2019 ж.); «Заманауи білім ортасы: жаңашылдық, тәжірибе, келешек» (Қарағанды, 2020 ж.); – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда: «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» (Астана, 2019 ж.); «Қарағанды университеті хабаршысы».- Педагогика сериясы, 2018 ж., 2024 ж.; «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы».- Педагогика ғылымдары сериясы, 2019 ж.; – «Scopus» ақпараттық базасына енген журналдарда: «Opcion», 2019 ж.; «Journal of Education and e-Learning Research», 2024 ж.; «Scientific Herald of Uzhhorod University», 2024 ж. – Қазақстанның және алыс шет елдің өзге журналдарында: «Заманауи білім = Современное образование = Modern education» (Қарағанды, 2018 ж.); «Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» (Қарағанды, 2018 ж.); «Talent Development and Excellence» (Saudi Arabia, 2020 ж.). | |

Шешім:

Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациясы философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қойылатын талаптарға сай жазылған және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне диссертация авторына **философия докторы (PhD) дәрежесін беру керек** деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент,

Философия докторы (Phd),
Мирас университетінің
педагогика және психология
білім беру бағдарламалары
секторының менеджері,
қауымдастырылған профессор



Д.Б. Ешенкулова

ӘКББ
бекітілді

19.12.2024г.